

1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың кешенді бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 шілдедегі N 649

Құқық қорғау, мемлекеттік емес органдардың және қоғамдық бірлестіктердің кәмелетке толмағандардың тарапынан болатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріндегі қызметін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында

кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу кешенді бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Барлық мүдделі министрліктер мен ведомстволар 1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың кешенді бағдарламасының қалтқысыз орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 8 шілдедегі
N 649 қаулысымен
бекітілген

1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында
кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық
бұзушылықтың алдын алудың
КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудың кешенді бағдарламасы - бұл:

1) құқық қорғау, мемлекеттік органдардың және ұйымдардың кәмелетке толмағандардың қылмыстарын, құқық бұзушылықтарын және қадағалаусыздығын болдырмау жөніндегі қызметтерін үйлестіруге;

2) кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндетін қасақана орындамайтын және өзінің қоғамға жат қылықтарымен олардың құқық бұзуына ықпал ететін ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды анықтауға; олармен алдын алу жұмыстарын жүргізуге;

3) мүдделі ведомстволарды тиісті ақпаратпен қамтамасыз етуге, кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлықтарына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оларды тәрбиелік және алдын алу әсері бар шаралармен, бос уақытын ұйымдастыру нысандарымен, оқу және еңбек процесімен қамту жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

4) тиісті құқық қорғау, мемлекеттік органдарда заңдарда көзделген шараларды қабылдау үшін кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы мінез-құлықтары, оларға ата-аналарының, олардың орнындағы адамдардың немесе өзге де адамдардың теріс ықпал етуі фактілері туралы, кәмелетке толмағандарды қылмысқа және қоғамға жат өзге де істерге тарту фактісі туралы материалдарды қарау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға бағытталған қызметтерге бағытталған бағдарлама.

Осы міндеттерді іске асыру мақсатында:

1. Тоқсан сайын кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстылықтың, құқық бұзушылықтың және қадағалаусыздықтың жай-күйіне, сондай-ақ балалар мен жас өспірімдердің құқыққа қарсы мінез-құлқының алдын алу жөніндегі қабылданатын ықпал ету нысандары мен әдістеріне талдау жасау. Өскелең ұрпақтың тарапынан келеңсіз көріністерге ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдау және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығы мен қылмыстылығының серпіні мен құрылымындағы қажетсіз тенденцияларды бейтараптандыруға және жоюға бағытталған шаралардың кешенін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметін, мүдделі мемлекеттік органдарды, ұйымдарды аталған ақпаратпен қамтамасыз ету.

Орындау мерзімі: тоқсан сайын.

Орындаушы: Бас Прокуратура (келісім бойынша); Ішкі істер министрлігі.

2. Ата-аналардың, педагогтардың, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу үшін жауап беретін өзге де адамдардың қылмыстық, әкімшілік және отбасы заңдарының талаптарына сәйкес жауапкершілігін күшейтуге бағытталған шаралардың кешенін әзірлеу. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу процесінде міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 137

-бабының кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету.

Орындау мерзімі: ұдайы.
Орындаушы: Ішкі істер министрлігі,
Бас Прокуратура (келісім бойынша).

3. Әр облыста білім беру жүйесі оқу орындарының біреуін оқудан,

жұмыстан қасақана жалтарушы, отбасынан, балалар тәрбие мекемелерінен үнемі кетіп қалатын, қаңғыбастықпен, қайыршылықпен, ұсақ ұрлықпен және өзге де қоғамға жат әрекеттермен шұғылданатын кәмелетке толмағандарға арналған жабық үлгідегі арнаулы мектептер етіп қайта бейіндеу. Аталған оқу орнына жіберуді жергілікті атқарушы органдардың жанындағы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялар арқылы жүзеге асыру.

Орындау мерзімі: 1998 жыл.
Орындаушы: облыстардың әкімдері, Білім,
мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

4. Оқушыларды оқу орындарына бекіту жөнінде шаралар әзірлеу. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 137-бабына сәйкес ықпал ету шараларын қолдану жолымен педагогикалық ұжымдардың оқушыларды оқу орнынан негізсіз шығару, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды оқу орындарына қабылдаудан бас тарту үшін жауапкершілігін арттыру.

Орындау мерзімі: ұдайы.
Орындаушы: Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі
істер министрлігі.

5. Кәмелетке толмағандарды еңбекпен және оқумен айналысуға тартуды қамтамасыз ету. Меншік нысанына қарамастан әрбір кәсіпорында, мекемелерде, ұйымдарда 16-дан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу.

Орындау мерзімі: 1998 жылдың 1-жарты
жылдығы және одан әрі тұрақты түрде.

Орындаушы: облыстардың әкімдері, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

6. Ересек ұйымдастырушылардың, арандатушылардың, дем берушілерді, кәмелетке толмағандарды қоғамға жат әрекеттерге тартуы фактілерінің жолын кесу жөніндегі жұмыстардың нысандары мен әдістерін нығайту. Кінәлілерге Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 131, 132-баптарын толық мөлшерінде қолдану.

Орындау мерзімі: ұдайы.
Орындаушы: Ішкі істер министрлігі,
Бас Прокуратура (келісім бойынша).

7. Күш қолдануды, қатыгездікті, порнографияны, алкогольді, есірткілерді, темекіні қолданудың мәртебелілігін және тартымдылығын және олардың кәмелетке толмағандардың психикалық-дене жағдайына әсерін насихаттаудың бұқаралық ақпарат құралдарына енуін болдырмау мақсатында аудио-көру баспа өнімдерін сараптау туралы ереже әзірлеу.

Қылмыстық және әкімшілік заңдарға сәйкес тыйым салынған порнографиялық басылымдарды таратқаны үшін кінәлілерге шаралар қолдануды қамтамасыз ету.

Орындау мерзімі: ұдайы.
Орындаушы: Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Ішкі істер министрлігі.

8. Жүйкеге белсенді әсер ететін заттарды пайдалануға әуес кәмелетке толмағандардың толық есебін алуды және оларды медициналық-әлеуметтік алдын алу шараларымен қамтуды қамтамасыз ету. Жұмыс істеп тұрған наркологиялық диспансерлерге маскүнемдіктен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан зардап шегетін кәмелетке толмағандарды медициналық-әлеуметтік оңалту жөніндегі функциялар жүктелсін.

Орындау мерзімі: 1998 жылдың 2-жарты жылдығы және одан әрі ұдайы.

Орындаушы: облыстардың әкімдері, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

9. Кәмелетке толмағандардың арасында маскүнемдіктің, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың алдын алудың ғылыми негізделген принциптері мен әдістерін әзірлеу және енгізу, жалпы білім беретін орта және арнаулы орта оқу орындарының бағдарламаларына кәмелетке толмағандарды ортаның теріс әсер етуінен өз басын қорғаудың тәсілдерін үйретудің әдістемесін енгізу.

Орындау мерзімі: 2000 жылға дейін.

Орындаушы: Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

10. Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, педагогтарға, медициналық қызметкерлерге, ата-аналарға арналған кәмелетке толмағандарда жүйкеге белсенді әсер ететін заттарға тәуекелділіктің пайда болуын болдырмау жөніндегі бірыңғай әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу.

Орындау мерзімі: 1999 жыл.

Орындаушы: Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Әділет министрлігі.

11. Жүргізілген байқап көру деректерінің негізінде республиканың мектептерінде зиянды заттарды қолданудың алдын алудың қазақстандық мектеп бағдарламасын енгізуді ұйымдастыру.

Орындау мерзімі: 1998 жылдың қыркүйегі.

Орындаушы: облыстардың әкімдері, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан медициналық-педагогикалық ассоциациясы.

12. Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына адамгершілік-жыныстық тәрбие берудің бағдарламасы мен педагогтарға

арналған оқу құралдарын әзірлеу мен шығару және оларды эксперименттік енгізуді бастау.

Орындау мерзімі: 1998 жылдың қыркүйегі.
Орындаушы: Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

13. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасына оқушылардың арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың, олардың жүйкеге белсенді әсер ететін заттарды қолданудың алдын алу мәселелері бойынша тиісті өзгерістер енгізу.

Орындау мерзімі: 1998 жылдың қыркүйегі.
Орындаушы: Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

14. Бас бостандығынан айыру орындарынан, жабық үлгідегі арнайы

оқу орындарынан оралған кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық пен қылмыстық әрекеттерінің қайталануының алдын алу жөніндегі шаралардың кешенін қамтамасыз ету. Тұрмыстық жағынан және жұмысқа орналастыруға көмек көрсету, мұндай адамдарды оқу орындары мен еңбек ұжымдарына бекітіп беру, олардың таңдаған мамандығына қызығушылығын қалыптастыру, жалпы білім деңгейін арттыру, бос уақытында өздері ұнататын іспен айналысуға тарту жөнінде қажетті жағдайлар жасау.

Орындау мерзімі: ұдайы.
Орындаушы: Ішкі істер министрлігі,
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі.

15. Кәмелетке толмағандардың бұзақылық әрекеттерінің ерте бастан алдын алу шараларын қабылдау. Жүйелі түрде, тоқсанына кемінде бір рет "Жасөспірім" операциясының шеңберінде қоғамға жат мінез-құлықтағы жас өспірімдер топтарын анықтау және қылмыстық, әкімшілік, азаматтық заңдарға сәйкес олардың құқыққа қарсы

әрекеттерінің жолын кесу жөнінде рейдтік іс-шаралар жүргізу.

Орындау мерзімі: ұдайы.

Орындаушы: Ішкі істер министрлігі,
Бас Прокуратура (келісім бойынша),
Білім, мәдениет және денсаулық сақтау
министрлігі, Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі, атқарушы органдар.

16. Оқу орындарында, еңбек ұжымдарында, тұратын жері бойынша кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеудің жай-күйін зерделеу. Қолда бар тәжірибені, анықталған кемшіліктерді және олқылықтарды қорытудың негізінде осы жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың кешенін әзірлеу және жүзеге асыру.

Орындау мерзімі: 1999 жылдың 1-жарты
жылдығы.

Орындаушы: Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі.